

2022-2023 оқу жылында ата-аналармен өткізілген жылдық жұмыс есебі

Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау мақсатында қыркүйек айында мектепшілік ата-аналар отырысы отырды. Отырыста ата-аналар жұмыс жоспары бекітіліп, мектеп ережелерімен таныстырылды. Сонымен қатар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Аманкосов А.Ж «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және мектеппен байланысы» атты баяндама оқыды.

Жыл бойы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер ата-аналардан оқушылардың себепсіз сабақтан қалдырмауын қадағаланып отырды. Оқушылардың мектеп формасы мен тазалығы, оқушылардың тәртібі үнемі қаралып отырды. Сонымен қатар оқушылардың оқу құралдарының толыққамтамасыз етілуі қадағаланды.

Қазан айында «Ұстаз ата - биік әрі мәңгілік!» атты мерекелік іс-шара өткізіліп, ата-аналар ұстазға арнап ән шырқады. Аталмыш айда ата-аналарға арнап ашық есік күні өткізілді. Ашық есік күні ата-аналар пән мұғалімдерімен кездесіп, сұрақтарына жауап алды.

Жыл бойы оқушыларды сабақтан тыс үйірмелерге тартылды. Оқушылар волейбол, футбол, баскетбол, шахмат, тоғызқұмалақ сияқты үйірмелерге қатысты.

Қараша айында «Әйел - ана, әйел - өмір, әйел - тіршілік өзегі» атты іс-шара өткізілді.

Мектеп психологі А.С. Нурсултанова ата-аналарға «Отбасы және мектеп» атты тренинг ұйымдастырды. Тренинг мақсаты: ата-аналарға бала өміріндегі отбасы маңыздылығын, балалар отбасы қолдауына мұқтаж екендігін түсіндіру. Сонымен қатар «Құқықбұзушылықтың алдын алу» атты баяндама оқылды. Мақсаты: оқушылар арасындағы құқықбұзушылықты болдырмау, буллингтің алдын алу.

Желтоқсан айында ата-аналар «Елімнің бақытын тербеткен Теуелсіздік» атты тәрбиесіздігіне қатысты. Әлеуметтік педагог көп балалы ата-аналармен кездесу өткізді.

Қаңтар айында ата-аналар жұмысының I жартыжылдық жұмысын қорытындылау мақсатында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста 9 «ә» сынып жетекшісі Утеулиева Г.Д. «Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы» атты баяндама оқыды. Сонымен қатар, оқушылардың оқу үлгерімен талдау жасалды.

Ақпан айында «Ою ойып, сырмақ сырған» атты мектеп қыз балаларына ата-ана Изтлеуова Динара шебер класс өткізді. Сабақта қыздарға ою түрлері мен қалай жұмыс істеу керектігі түсіндірілді. Құқыққорғау органдарының ұйымдастырумен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог пен 9-10 сынып жетекшілері рейдке қатысты.

Наурыз айында ата-ана мен бала арасындағы жағымды қарым-қатынасты нығайту мақсатында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелде ата-аналар өз ойымен белісті.

Сәуір айында «Бала тәрбиесіндегі жазалау мен қадағалау» атты кеңес беру сабағы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының ұйымдастырумен өткізілді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Аманкосов А.Ж. мамыр айында кәмелетке толмағандар арасындағы қылмысты болдырмау, алдын алу жұмыстарына ата-аналар жауапкершілігі туралы кеңес беру мақсатында мектепшілік ата-аналар жиналысын өткізді. Жиналысты балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы әлеуметтік педагог айтып өтті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ата-аналарға жылдық есебін берді.

Директордың тәрбие ісі орынбасары:



Аманкосов А.Ж